

Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 маусымдағы 6 сессиясының N 6/59 "Абай ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 17 сессиясының 2013 жылғы 20 маусымдағы N 17/179 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 16 шілдеде N 2358 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 12 қыркүйектегі № 23/216 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 12.09.2024 № 23/216 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 маусымдағы 6 сессиясының N 6/59 "Абай ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-9-137 болып тіркелген, 2012 жылғы 14 шілдедегі N 26 (3927) "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған), Абай аудандық мәслихатының 14 сессиясының 2013 жылғы 13 ақпандағы N 14/145 "Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 8 маусымдағы 6 сессиясының N 6/59 "Абай ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2222 болып тіркелген, 2013 жылғы 30 наурыздағы N 14 (3965) "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған), келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) Абай ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінің (бұдан әрі - Ереже) 3-тармағы келесі мазмұндағы азат жолмен толықтырылсын:

"Топар кентінде және Көксу ауылдық округінің Жартас ауылында тұрақты тұратын, орталық жылытуы бар отбасыларға (азаматтарға) шекті жол берілетін

шығыстар үлесі отбасының жиынтық табысына 10 пайыз мөлшерінде анықталады.";

2) Ереженің 4-тармақтың 1) тармақшасы алынып тасталсын;

3) Ереженің 11-тармағындағы "осы Ереженің 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй ауданының нормаларына сәйкес" сөздері алынып тасталсын;

4) Ереженің 12-тармағы алынып тасталсын;

5) Ереженің 15-тармағындағы "алуға" сөзі "алу құқығына" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Г. Бахраева

Абай аудандық

мәслихатының хатшысы

Б. Цай

КЕЛІСІЛДІ

"Абай ауданының экономика

және бюджеттік жоспарлау

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

басшысы

Б. Муталыпова

20.06.2013 ж.

"Абай ауданының жұмыспен қамту

және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

басшысы

З. Шакентаев

20.06.2013 ж.